

ЖЕТИНШІ ҚАРА СӨЗ




АЛҒЫ СӨЗ

Абай Құнанбайұлы өзінің жетінші қара сөзінде адамның табиғи болмысы мен рухани дамуы туралы терең ой қозғайды.

Адам баласы өмірге келгенде тәннің құмары мен жанның құмарын бірге ала туады: бірі — ішіп-жеу, ұйықтау сияқты тәннің қажеттері болса, екіншісі — білсем, көрсем, үйренсем деген жанның талпынысы.

Абай адамның адамдық қасиеті осы жан құмарын, яғни білімге, танымға деген ұмтылысын сақтап, өрістете білуінде деп біледі. Ал егер адам баласы ержеткен соң тәннің қызығына ғана беріліп, жанның талабын тұншықтырса, онда ол адамдық қасиетінен айырылып, хайуаннан да төмен дәрежеге түседі.

Бұл қара сөз — әрбір оқырманды өз-өзіне есеп беруге, ақыл мен жүректі оятып, өмірдің шынайы мәнін іздеуге шақырады.

A stylized illustration of a middle-aged man with a full grey beard and mustache. He is wearing a dark green or black traditional cap and a dark green outer robe over a reddish-brown inner garment. The background is a solid warm brown color. A white thought bubble with a black outline is positioned in the upper left corner, containing text in Kazakh. The man's expression is neutral and thoughtful.

Әрбір жаңа күнге біліммен ұмтылыңдар,
Жақсылыққа жүректерің құмар болсын,
Көкіректеріңде сәуле сақтаңдар,
Көңілдеріңде шынайы сенім отын
өшірмендер.

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады

Ішсем, жесем,
ұйқтасам

Білсем, көрсем
екен

Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса
гән жанға қонақ үй бола алмайды. Нәм
өзі өспейді, қуат таппайды.

Ол немене?
Бұл немене?

Ол неге
үйтеді?

Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр өткен болса, оған қызығып,
аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-
керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал
шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіреді. Мұның бәрі - жа
құмары

Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады.



Әзелде құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны. Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз?



Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық.



Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз.



Ой, тәңірі-ай,
кімнен кім
артық дейсің!

Артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз



Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан
неміз артық? Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек
екен деген адамның баласы екенбіз.





Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды.
Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей
таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз.



Абайдың қара сөздері деген не?

- "Қара сөздер" — Абайдың өмір, қоғам, адам, мораль, тәрбие, білім туралы ой-толғамдары.
- Прозалық (яғни өлең емес, қарапайым тілмен жазылған) шағын философиялық шығармалар.
- Нақты бір оқиғаны баяндамайды, негізінен ақыл-кеңес, тәлім-тәрбие, психологиялық және философиялық ойлар айтады.
- Әр сөзінде Абай өз халқын жақсылыққа, еңбекке, ғылымға шақырады.

Абай қара сөздерін не үшін жазды?

- Өз халқының кемшіліктерін түзеткісі келді.
- Қазақтың мінезін, тұрмысын, білімге қатынасын сынады.
- Халықты ойлануға, ізденуге, адамшылыққа, әділетке шақырды.
- «Жалаң мақтан мен пайда қуған өмірден арылу керек» деп үгіттеді.


Абайдың қара сөздері — қазақ халқының рухани ұстазының артында қалдырған өсиеті.

Олар әлі күнге дейін мәнін жоғалтпай, әр буын ұрпаққа бағыт-бағдар беріп келеді.




Жетінші қара сөз





Тәттің рахатын ғана қуалап, жанның
азығын ұмытпаңдар.
Өмірдің сыртқы қызығына алданып
қалмай, ішкі мәнін іздеңдер.



Ғылым мен өнерге құмарлықпен
ұмтылыңдар,
Өмірде нағыз бақыт – ізденуде,
еңбекте, адалдықта екенін
ұғыныңдар.